

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 12 маусым

KASE биржалық нарықтың 2024 жылғы мамыр айындағы жұмысының қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылғы мамырдағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-де 2024 жылғы мамырда өткен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 31,0 трлн теңгені құрады және сәуір айымен салыстырғанда 5,8%-ға немесе 1,9 трлн теңгеге төмендеді.
- Мамыр айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 0,5%-ға өсті және 5 038,55 тармақты құрады.
- Мамыр айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 1,4%-ға 30,9 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 1,9%-ға, яғни 13,8 трлн теңгеге дейін ұлғайды.
- Мамыр айында екі жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялары листинг рәсімінен өтті.
- 2024 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 251 эмитенттің 687 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2024 жылғы мамыр айында KASE-нің қатысуымен келесі іс-шаралар өткізілді:

Бизнеске арналған іс-шаралар

"Эмитент күні" жобасы шеңберінде KASE-де "MyCar Finance" МҚҰ-ның инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесуі өтті. Іс-шара шеңберінде компания басшылығы компанияның қызметі, өнімдері және қызметінің негізгі көрсеткіштері, сондай-ақ эмитент шығарған облигациялардың негізгі шарттары туралы мәлімет берді.

Оқыту іс-шаралары

KASE Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері үшін KASE Mobile мобильді қосымшасындағы оқу сауда-саттық жүйесі арқылы сауда-саттыққа қатысу форматында жүзеге асырылатын "Биржалық симулятор" жобасының 16-шы кезеңі аяқтады. Оқу сауда-саттығы 2024 жылдың 8 сәуірі мен 31 мамыры аралығында өтті, оған Қазақстанның 100-ден астам жоғары оқу орындарынан 6 786 студент қатысты. "Биржалық симулятор" шеңберіндегі сауда-саттықтың жалпы көлемі 25,1 млрд теңгеден асты. Бір қатысушы жасаған мәмілелердің ең көп саны мен көлемі тиісінше 1 622 мәмілені және 10,178 млрд теңгеден астам соманы құрады. Мәмілелердің орташа тәуліктік көлемі 678,975 млн теңгеден асты.

Эмитенттер үшін KASE "Есептілікті ESG қағидаттарына сәйкес дайындау" тақырыбында вебинар өткізді. Оның шеңберінде спикерлер қатысушыларға GRI (Global Reporting Initiative, Есептілік жөніндегі жаһандық бастама) стандарттары, ХҚЕС (Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары) және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ұсынымдары бойынша ESG есептілігін дайындау жөнінде мәлімет берді.

KASE алаңында инвестициялық шешімдердегі макроэкономиканың негізгі ұғымдарымен және рөлімен таныстыруға бағытталған "Инвесторларға арналған макроэкономика" тақырыбында вебинар өткізілді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылғы мамыр айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 30,9 трлн теңгені (69,5 млрд USD) құрады, бұл өткен айдағы көрсеткіштен 424,4 млрд теңгеге немесе 1,4%-ға жоғары.

Мамыр айында акциялармен сауда-саттық көлемі 11,3 млрд теңгені құрап, сәуір айына қарағанда 47,6%-ға немесе 10,2 млрд теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 563,0 млн теңгені (қайталама нарықта – 558,0 млн теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 6 064 мәмілені (қайталама нарықта – 6 064 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 92,9 мың теңгені (қайталама нарықта – 92,0 мың теңге) құрады.

Бастапқы нарық көлемі 13,7 млрд теңгеге бағаланды. 2024 жылғы мамырда "Teniz Capital Investment Banking" АҚ 100,0 млн теңге сомасына бір акция үшін 5 000,00 теңге бағамен 20 000 жай акциясын орналастырды. Барлық көлемді жеке тұлғалар сатып алды.

Мамыр айында қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 11,2 млрд теңгені құрады, бұл сәуір айындағы мәндерден 48,0%-ға немесе 10,3 млрд теңгеге төмен.

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен мәмілелердің жиынтық көлемінің 70,7%, банктердің үлесіне – 0,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 16,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,2 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 9,4% тиесілі болды.

KASE ИНДЕКСІ

KASE Индексінің мәні мамыр айында 0,5%-ға өсіп, айдың соңына қарай 5 038,55 тармақты құрады.

Мамыр айында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 9,3 млрд теңгені құрады, бұл сәуір айындағы көрсеткіштен 2,0 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "Қазақстан Халық банкі" АҚ-ның жай акцияларына – 2,5 млрд теңгеге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 26,3%)* тиесілі болды.

KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бір акция үшін бағасы			Сауда-саттық көлемі*, млн теңге		
		01.06.24 сәйкес	01.05.24 сәйкес	Δ, %	мамыр	сәуір	Δ
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 765,00	1 571,00	+12,3	631,1	805,2	-174,1
Kaspi.kz АҚ	KSPI	55 499,99	52 999,99	+4,7	604,4	1 100,9	-496,6
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	854,48	834,00	+2,5	418,3	317,8	+100,5
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 744,00	18 300,00	+2,4	962,2	871,6	+90,7
"Kcell" АҚ	KCEL	3 062,00	3 026,59	+1,2	448,7	1 275,2	-826,6
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 497,00	1 492,00	+0,3	1 344,2	966,9	+377,3
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	12 850,00	12 999,00	-1,1	799,3	1 527,1	-727,8
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	34 629,49	35 200,00	-1,6	523,1	1 109,8	-586,7
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	908,00	955,51	-5,0	1 150,0	2 015,2	-865,2
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	HSBK	204,00	218,29	-6,5	2 459,7	1 940,8	+518,9

* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Мамыр айының қорытындысы бойынша ең үздік динамиканы қаржы секторының өкілі **"Банк ЦентрКредит" АҚ**-ның бағасы 12,3%-ға өскен жай акциялары көрсетті.

Өсу қарқыны бойынша екінші орынға бағасына 4,7% қосқан **Kaspi.kz** АҚ-ның жай акциялары орналасты. 2024 жылғы 22 мамырда өткен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2024 жылдың бірінші тоқсаны үшін жай акциялар бойынша бір акцияға 850 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

Көшбасшылар үштігіне 2,5% өсіммен **"ҚазТрансОйл" АҚ** жай акциялары ілікті. 2024 жылғы 23 мамырда өткен "ҚазТрансОйл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы барысында компанияның 2023 жылғы жай акциялары бойынша жалпы сомасы 25 млрд теңгеге бір жай акцияға 65 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. Компания 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелер туралы хабарлады, оған сәйкес компанияның 2024 жылдың үш айында шоғырландырылған кірісі 76,6 млрд теңгені құрап, 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 12,9%-ға ұлғайды. Бұл ретте, "ҚазТрансОйл" АҚ-ның шоғырландырылған таза пайдасы 2024 жылдың бірінші тоқсанында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 21,8%-ға ұлғайып, 10,7 млрд теңгені құрады.

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ-ның жай акциялары 2,4%-ға өсті. 2024 жылғы 23 мамырда компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы жалпы сомасы 200,97 млрд теңгеге жай акциялар бойынша 774,88 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. Компанияның 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес, компанияның көрсетілген кезеңдегі пайдасы 2023 жылдың осыған сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,6%-ға төмендеп, 93,2 млрд теңгені құрады.

Мамыр айының қорытындысы бойынша телекоммуникация секторының акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті. **"Kcell" АҚ** жай акциялары 1,2%-ға өсті, ал **"Қазақтелеком" АҚ** жай акцияларының бағасы 1,6%-ға төмендеді. 2024 жылғы 27 мамырда **"Kcell" АҚ** акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2023 жылға компанияның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. **"Қазақтелеком" АҚ**-ның 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес, компаниялар тобының кірістері 177 млрд теңгеден асып, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10 млрд теңгеге ұлғайды. Сонымен қатар, **"Қазақтелеком" АҚ** таза пайдасы 25,6 млрд теңгені құрады.

Энергетика саласының өкілі **"KEGOC" АҚ**-ның акциялары 0,3%-ға қымбаттады. 2024 жылғы 02 мамырда компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2023 жылдың екінші жартыжылдығы үшін бір жай акцияға 79,50 теңге сомасында дивидендтер мөлшерін бекітті.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акциялары қызыл аймақта болып, айдың қорытындысы бойынша 1,1% жоғалтты. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес, компанияның 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы кірісі 2 227 млрд теңгені құрады, ал компанияның таза кірісі бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайданың үлесін ескере отырып, 300 млрд теңгені құрады.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

Мамыр айының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 46 атаудағы акциялары мен 12 ETF болды.

"KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі мамыр айында 1,4 млрд теңгені құрап, сәуір айымен салыстырғанда 37,5%-ға немесе 832,3 млн теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 69,4 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 358, бір мәміленің орташа көлемі – 194,0 мың теңгені құрады.

2024 жылдың мамыр айында "KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны келесі акциялармен жасалды:

- Apple Inc. (AAPL_KZ) – жалпы сомасы 298,0 млн теңгеге 1 012 мәміле;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 118,5 млн теңгеге 871 мәміле;
- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 20,9 млн теңгеге 569 мәміле;
- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – жалпы сомасы 145,6 млн теңгеге 503 мәміле;
- Pfizer Inc. (PFE_KZ) – жалпы сомасы 44,1 млн теңгеге 448 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 61,4% жеке тұлғаларға, 36,8% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 1,9% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,4% құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Мамыр айында айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 1,9%-ға немесе 257,9 млрд теңгеге, яғни 13,8 трлн теңгеге (31,1 млрд USD) дейін ұлғайды.

2024 жылғы мамыр айының соңында KASE ресми тізімінде 116 эмитенттің 431 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Мамыр айында KASE ресми тізіміне он эмитенттің (екеуі жаңа) корпоративтік облигацияларының он алты шығарылымы енгізілді: "Бәйтерек" ҰБХ " АҚ бес шығарылымы, "Аграрлық кредиттік корпорация" АҚ және "КМФ (КМФ)" Микроқаржы ұйымы" ЖШС екі шығарылымнан және "Сарыарқа" әуежайы" АҚ және "Банк "Bank RBK" АҚ, "Еуразиялық Капитал" АҚ, "ҚазАгроҚаржы" АҚ, "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ, "Қайнар-АКБ" ЖШС, "Капиталинвест" МҚҰ" ЖШС бір шығарылымы. Мамыр айында KASE ресми тізімінен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты бес эмитенттің облигацияларының бес шығарылымы алынып тасталды: "5A OIL (5A Ойыл)" ЖШС, "Банк ВТБ (Қазақстан)" АҚ еншілес ұйымы, "КМФ (КМФ)" Микроқаржы ұйымы" ЖШС, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС және "МҚҰ Bravo Business" ЖШС.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні мамыр айында 8 б.п. төмендеді және айдың соңында жылдық 13,89% құрады.

KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі мамыр айында бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен сәуірге қарағанда 4,5 есеге немесе 387,6 млрд теңгеге ұлғайып, 499,4 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 25,0 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,9 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 351 мәмілені (қайталама нарықта – 311 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 71,0 млн теңгені (қайталама нарықта – 6,1 млн теңге) құрады.

Мамыр айында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 461,3 млрд теңгені құрады және сәуірмен салыстырғанда 9,4 есе немесе 412,2 млрд теңгеге өсті:

- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жылдық 13,50% және жылдық 13,46%-бен, өтелгенге дейін бір жыл және 5 жыл мерзіммен облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 200,0 млрд теңге тартты;
- "Банк "Bank RBK" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 14,50% – 14,80% бар және өтеуге дейінгі мерзімі бір жыл құрайтын облигацияларын орналастыра отырып, 16,9 млрд теңге тартты;
- "КМФ (КМФ)" Микроқаржы ұйымы" ЖШС облигацияларды жылдық 17,75%-бен және өтелгенге дейін бір жыл мерзімге орналастырып, 17,8 млрд теңге тартты;
- "My Car Finance" МҚҰ" ЖШС облигацияларын жылдық 19,00%-бен және өтелгенге дейін бір жыл мерзімге орналастырып, 5,0 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 14,6%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 2,4%, басқа институционалдық инвесторлардың – 33,4%, өзге заңды тұлғалардың – 47,9%, жеке тұлғалардың – 1,8% құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 1,3% құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі мамыр айында сәуірмен салыстырғанда 39,3%-ға немесе 24,7 млрд теңгеге азайып, 38,1 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 14,6%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 3,9%, басқа институционалдық инвесторлардың – 28,5%, өзге заңды тұлғалардың – 32,6%, жеке тұлғалардың – 20,4% құрады. Бейрезиденттердің үлесі 11,5% құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы мамыр айында 0,8%-ға немесе 201,4 млрд теңгеге төмендеп, 24,7 трлн теңгені (55,5 млрд USD) құрады.

Мамыр айында KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 694,4 млрд теңгені құрады және сәуірге қарағанда 12,1%-ға немесе 95,2 млрд теңгеге төмендеді. 2024 жылғы мамыр айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 34,7 млрд теңгені (қайталама нарықта – 13,0 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 22 (қайталама нарықта – 14), бір мәміленің орташа көлемі – 1,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,9 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 29,5%-ға немесе 182,0 млрд теңгеге төмендеп, 434,1 млрд теңгені құрады. Оның ішіндегі 33,3 млрд теңгені төрт облыс пен Астана қаласының әкімдіктері (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі өтеуге кірістілігі жылдық 11,70-12,94%-бен және 0,9 жылдан 12,7 жылға дейінгі өтеуге дейінгі мерзіммен облигациялардың 14 шығарылымын (барлық шығарылымдар ірілендірілген) орналастыру арқылы 400,8 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 51,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 0,1%-дан төмен, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 38,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 10,3% тиесілі болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 50,1%-ға немесе 86,9 млрд теңгеге ұлғайып, 260,2 млрд теңгеге жетті. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 60,1% немесе 156,3 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 38,8% немесе 101,0 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,2% немесе 0,4 млрд теңгені құрады. 1,0% немесе 2,5 млрд теңгені құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ, Австрия және Түркия Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары) жүргізілген мәмілелерге келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 42,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 53,1 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,4% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 12,2%-ға бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 70 шығарылымы болды: Еуразиялық даму банкінің 30 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 17 шығарылымы, Азия даму банкінің 12 шығарылымы, Халықаралық Қайта Құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және Жеке секторды дамыту бойынша ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2024 жылдың мамыр айында KASE ресми тізімінен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты Еуразиялық Даму Банкі облигацияларының төрт шығарылымы алынып тасталды.

Мамыр айында халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 26,8%-ға немесе 5,3 млрд теңгеге төмендеп, 14,4 млрд теңгені құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі мамыр айында 21,2%-ға немесе 3,9 млрд теңгеге төмендеп, 14,4 млрд теңгені құрады. Барлық көлемді орташа алынған кірістілігі жылдық 13,52% және 13,92% және өтелгенге дейінгі мерзімі бір жылдан аз дисконттық облигациялардың екі шығарылымын орналастырған Еуразиялық даму банкі тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесі 52,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 30,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 17,4% құрады. Бейрезиденттердің ХҚҰ бастапқы нарығына қатысуы 7,0%-ға бағаланады.

2024 жылғы мамырда қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 40,7 млн теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта есептік кезеңде брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 0,5%, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 34,0%, жеке тұлғалардың үлесі – 65,5% құрады. Бейрезиденттердің үлесі 39,4% құрады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2024 жылғы 01 маусымындағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын 17 пай қорларының құралдары және алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 436,4 млн теңгені құрады және 2024 жылғы сәуірге қарағанда 52,6%-ға немесе 484,5 млн теңгеге төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде жеке тұлғаларға 58,6%, брокерлік-дилерлік ұйымдарға 35,6 %, басқа заңды тұлғаларға 5,8 % тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 3,6 %-ға бағаланды.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) бес шығарылымы болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, Kaspi.kz АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

Сауда-саттық көлемі 2024 жылғы мамырда 164,3 млн теңгені құрады және 2024 жылғы сәуірге қарағанда 39,1%-ға немесе 46,2 млн теңгеге өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 63,4% жеке тұлғалардың шоттарына, 36,2% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға және 0,4% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,4% құрады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың мамыр айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 34 мүшесі қатысты.

Мамыр айында шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі сәуірге қарағанда 2,8%-ға немесе 79,8 млрд теңгеге төмендеп, 2,8 трлн теңгеге дейін жетті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 137,7 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 821, бір мәміленің орташа көлемі – 167,6 млн теңгені құрады.

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілеле р саны	Мин. және макс. бағамдар, негізгі бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағамы (өзг. %)
USD/KZT	5 317,7 (+0,7 %)	85,4 % (+2,3 %)	12 958 (-1 468)	438,75-448,01	447,25 (+1,2 %)
RUB/KZT	33 016,0 (+4,8 %)	5,9 % (+0,5 %)	3 004 (-52)	4,7601-5,0090	4,9566 (+4,6 %)
CNY/KZT	762,8 (x1,7)	1,7 % (+1,1 %)	148 (+8)	60,7700-61,6701	61,5650 (+1,2 %)
EUR/KZT	6,3 (-90,1 %)	0,1 % (-1,0 %)	69 (-226)	473,80-486,00	484,81 (+2,4 %)

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілеле р саны	Мин. және макс. бағамдар, негізгі бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағамы (өзг. %)
EUR/USD	110,4 (+1,7 %)	1,9 % (+0,1 %)	148 (-14)	1,0701-1,0892	1,0838 (+1,0 %)
USD/CNY	308,8 (-39,1 %)	5,0 % (-3,0 %)	101 (-30)	7,2047-7,2738	7,2622 (+0,1 %)
EUR/CNY	-	-	-	-	(-)

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

АҚША НАРЫҒЫ

Мамыр айында ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 27,0 трлн теңгені құрады, ол сәуір айындағы көрсеткішке қарағанда 7,3%-ға немесе 2,1 трлн теңгеге төмендеді.

31 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п. п. пайыздық дәлізімен жылдық 14,50%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Мәмілелер көлемі арқылы өлшенген USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күніне ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 137 б.п. - ға жылдық 13,65%-дан 12,28%-ға дейін төмендеді.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі мамыр айында 20,2 трлн теңгені құрады, бұл сәуір айындағы көлемнен 1,4 трлн теңгеге немесе 6,4%-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 1,0 трлн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 746, бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 14,6 трлн теңгені немесе репо жалпы көлемінің 72,0%, МЕБҚ-мен авторепо операциялары - 5-5,6 трлн теңгені немесе 27,9%, МЕБҚ тікелей репо- 19,1 млрд теңгені немесе 0,1%-дан төмен көрсеткішті құрады. 107,3 млн теңгеге КҚС-мен екі авторепо мәмілесі жасалды.

Мамыр айының соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 14,23%-дан 13,06%-ға 117 б.п. төмендеді.

TRION индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада бір жұмыс күні ішінде жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 14,20%-дан 13,05%-ға 115 б.п. төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) 107 б.п.-ға жылдық 14,39%-дан 13,32%-ға дейін төмендеді.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Мамыр айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 6,8 трлн теңгені құрады, бұл сәуір айындағы көлемнен 741,3 млрд теңгеге немесе 9,8%-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 340,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 59, бір мәміленің орташа көлемі – 5,7 млрд теңгені құрады.

Валюталық своп құрылымында 6,76 трлн теңге немесе валюталық своптармен операциялар көлемінің 99,4% USDKZT своптарына; 42,8 млрд теңге немесе 0,6% – RUBKZT; 239,1 млн теңге немесе 0,1%-дан төмені EURKZT своптарына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	2 332,9	5 271,2	34,3%
	USDKZT_0_002	4 415,7	9 982,1	64,9%
	USDKZT_0_01W	4,6	10,5	0,1%
	USDKZT_1_001	5,8	13,2	0,1%
EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,2	0,5	<0,1%
	EURKZT_1_001	<0,1	<0,1	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	3,1	619,0	<0,1%
	RUBKZT_0_002	33,8	7 000,0	0,5%
	RUBKZT_1_001	5,9	1 206,2	0,1%

Мамыр айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі бір айда 127 BP-ге төмендеп, жылдық 9,33% құрады. SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі мамыр айында 270 б.п.-ге жылдық 9,23%-ға дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE индексіне жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2024 жылғы мамырда деривативтер нарығында 19 417,0 теңге сомасына "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерстермен бір мәміле жасалды. 01 маусымда деривативтер нарығында "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерстермен сауда-саттыққа қатысушылардың бір позициясы ашылды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.